

## Шалқар ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 26 қарашадағы № 299 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 қарашада № 7706 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 324 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 24.12.2025 № 324 қаулысымен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529 бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес, Шалқар ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Шалқар ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Аудан әкімдігінің 2019 жылдың 19 қарашасындағы № 276 "Шалқар ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6472 тіркелген, 2019 жылғы 22 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шалқар ауданы әкімінің орынбасары Қ.Ақшолаққа жүктелсін.

5. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар ауданының әкімі*

*Ж. Жидеханов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Шалқар ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық*

"23" қараша 2020 жыл.

Шалқар ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы 26 қарашадағы  
№ 299 қаулысына қосымша

## Шалқар ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 05.09.2024 № 210 қаулысымен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

№ р/н	Салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Шалқар қаласы	1,9
	Айшуақ ауылдық округі	
2	Бегімбет ауылы	1,9
3	Есет ата ауылы	1,3
	Ақтоғай ауылдық округі	
4	Қотыртас ауылы	1,65
5	Қорғанжар ауылы	1,0
6	Ақтан батыр ауылы	1,15
	Бершүгір ауылдық округі	
7	Бершүгір ауылы	1,45
8	Алабас ауылы	1,2
9	Сарысай ауылы	1,3
	Бозой ауылдық округі	
10	Бозой ауылы	1,9
11	Қаңбақты ауылы	1,1
	Есет Көтібарұлы ауылдық округі	
12	Байкадам ауылы	1,75
	Жаңақоныс ауылдық округі	
13	Аққайтым ауылы	1,75
14	Қопасор ауылы	1,1
	Кішіқұм ауылдық округі	
15	Шілікті ауылы	1,55
16	Шоқысу ауылы	1,15
17	Қарашоқат ауылы	1,25
18	Ақеспе ауылы	0,9
	Қауылжыр ауылдық округі	
19	Қауылжыр ауылы	1,9
20	Қайдауыл ауылы	1,45
21	Ұлпан ауылы	1,0

	Мөңке би ауылдық округі	
22	Мөңке би ауылы	1,75
	Тоғыз ауылдық округі	
23	Тоғыз ауылы	1,55
24	Жылан ауылы	1,35
25	Көпмола ауылы	1,25
26	Кеңдала ауылы	1,0
27	Төсбұлақ ауылы	1,0
	Шалқар ауылдық округі	
28	Жылтыр ауылы	1,75
29	Талдықұм ауылы	0,85
	Шетырғыз ауылдық округі	
30	Қаратоғай ауылы	1,75
31	Тұмалыкөл ауылы	1,25

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК